



**А.Т. Ирубаева**

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы  
жанындағы құқық қорғау органдарының  
Академиясы Жалпы заң пәндері  
кафедрасының доцент, з.ф.к, әділет кеңесшісі,

## **ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚҰРЫЛЫМДАРЫ МЕН ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҚОҒАМДАРДЫҢ ТЕРРОРИЗМ МЕН ЭКСТРЕМИЗМГЕ ҚАРСЫ ӘРЕКЕТ ЕТУДІ ЖЕТІЛДІРУ**

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында басым міндеттердің ішінде радикализмнің, экстремизмнің және терроризмнің барлық түрлері мен көріністеріне қарсы іс-қимыл деп айқындалған [1].

Айте кетерлік, дүниежүзілік қаржы нарығының келеңсіз салдарынан және қоғамдағы әлеуметтік қауырттылығы біздің елімізде де кейбір террористік топтардың көріністері пайда болды. Осы айтылған дәлелдер, мемлекеттің қауіпсіздігіне және конституциялық құрылысының негіздеріне зор қауіптілік төндіреді.

Қалыптасқан жағдай, прокуратура алдында көрсетілген саладағы прокурорлық қадағалауды күшейту және осы жұмысты одан әрі жетілдіруге бағытталған пәрменді іс-шараларды әзірлеу бойынша күрделі тапсырмалар ортаға шығарады.

Қазіргі таңда, біздің қоғамымыз әлеуметтік-экономикалық қатынастардың салаларының криминализациялауымен түйіскенін көріп жатырмыз. Қылмыстардың жаңа түрлері және оларды жасау сатылары қоғамдағы құқық тәртібін қамтамасыз ету үшін ерекше назар аударуды талап етуде. Сонымен қатар, экстремистік сипаты бар «тым-тырыс, тыныш» қылмыстар мен «сарытл» террористік актілерде жасырын және ашық қауіпі бар деп ойлаймыз.

Айта кетерлік, Қазақстанда 2013 жылы 65 қылмыс жасалған, 2014 жылы 52 қылмыс тіркелген. 2014 жылы экстремистік және террористік қылмыс жасаған үшін – 29 адам сотталған. 2015 жылдың қаңтар-қазан айларында қазақстанда Сотқа дейінгі бірегей реестрінде 165 қылмыс тіркелген болатын. Оның ішінде, 72 - терроризм актісі (ҚР ҚК Ст.255), 62 – (257-бап. Террористік топ құру, оған басшылық ету және оның әрекетіне қатысу), 13 – (258-бап. Террористік немесе экстремистік әрекетті қаржыландыру және терроризмге не экстремизмге өзге де дем берушілік), 12 – (259-бап. Террористік не экстремистік әрекетті ұйымдастыру мақсатында адамдарды азғырып көндіру немесе даярлау не қаруландыру), 6 – (260-бап. Террористік немесе экстремистік даярлықтан өту) және 256-бап. Терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақыру. Мысалы, Атырау азаматы әлеуметтік желілер арқылы Ауғанстан террористік тобына кіріп, боевик болуға шақырған. Осы жасаған қылмысы үшін, оны 8 жылға бас бостандығынан айырды [2].

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің мәліметтеріне сәйкес, 2017 жылдың үш ай ішінде, еліміздің құқық қорғау органдарымен экстремизм және терроризмге байланысты 181 қылмыс, ал 2016 жылдың ұқсас кезеңінде 156 қылмыс тіркелген болатын. Осы қылмыстың өсуі 16% құрады. Мысалы:

- ҚР ҚК 170 б. (жалдамалылық) – 1 қылмыс;
- ҚР ҚК 174 б. (әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыру) - 96 қылмыс;
- ҚР ҚК 256 б. (терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақыру) – 35 қылмыс;
- ҚР ҚК 257 б. – (террористік топ құру, оған басшылық ету және оның әрекетіне қатысу) - 23 қылмыс;
- ҚР ҚК 258 б. (террористік немесе экстремистік әрекетті қаржыландыру және терроризмге не экстремизмге өзге де дем берушілік) – 9 қылмыс;
- ҚР ҚК 259 б. (террористік не экстремистік әрекетті ұйымдастыру мақсатында адамдарды азғырып көндіру немесе даярлау не қаруландыру) – 6 қылмыс;



- ҚР ҚК 260 б. (террористік немесе экстремистік даярлықтан өту) -1 қылмыс;
- ҚР ҚК 261 б. (адамды кепілге алу) - 1 қылмыс;
- ҚР ҚК 405 б. (қоғамдық немесе діни бірлестіктің не өзге де ұйымның экстремизмді немесе терроризмді жүзеге асыруына байланысты олардың қызметіне соттың тыйым салу немесе тарату туралы шешімінен кейін олардың қызметін ұйымдастыру және оған қатысу) – 9 қылмыс;

Жалпы айтқанда, қылмыстардың негізін жасайтын - ҚР ҚК 174 б. (әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыру) - 96 қылмыс.

Осы жылдың өткен кезеңі бойынша экстремизм және терроризмге байланысты, бұл көрсеткіш қылмыстардың жалпы санынан 53 пайыз (49 бен 96) құрады.

Айта кетерлік, қылмыстық жауаптылыққа тартылғандар (18-39 аралығында) «Хизбұт-Тахрир», «Салафиттер», «Ислам Джихад Одағы».

Қылмыстық жауаптылыққа тартылған тұлғалардың негізгі жасын құрайтындар:

- 21 ден 29 жас –14;
- 30 дан 39 жас –12;
- 40 тан 49 жас –3;
- 50 ден 59 жас –5;
- 60-тан асқан -1.

Жоғарыда көрсетілген тұлғалардың көбісі жұмыссыз жүргендердің сатысы [3].

Байқағанымыздай, қазіргі таңда азаматтық қоғам және жеке алғанда құқық қорғау органдары, радикалды ислам экстремизмі түріндегі діни экстремизммен шайқасып, ең маңызды жайттардың бірі болып табылады. Осы қорқытудың қауіпі мен ауқымдылығы, құқық қорғау органдарынан жұртшылықтың кең тарапынан және алдымен дінге жығылатын мұсылмандардан осы қорқытуды жоюға талап етеді. Яғни, экстремизм қызметінде исламды пайдалану үрдісі, олардың діни нанымына орасан зиян келтіреді.

Осыған байланысты, экстремизм және терроризм көріністеріне қарсы әрекет ету бойынша шаралар кешенін әзірлеуде ерекше қажеттілік туындап отыр.

Жалпы айтқанда, құқық қорғау органдары үшін экстремистік және террористік бағыты бар қылмыстар, құқық бұзушылықтардың ерекше сатысын құрайды. Яғни, қылмыстардың басқа түрлеріне қарағанда, осы бағыттағы қылмыстарда ғана идеологиялық құрамдастығы, анықтау маңызын білдіреді. Осы жағдайды қарастыра отырып, экстремизммен күресетін бөлімшелер қызметкерлерінен қылмыстардың алдын алу, ашу мен ескерту бойынша кәсіби дағдыларының болуын ғана емес, ал өзара дүниетанымдық білімдерінің девианттық және қалыпты түрлері саласындағы білімдерді талап етеді. Айтылған шарттарсыз, қазіргі экстремизм мен терроризмге қарсы әрекет жасау мүмкін емес деп ойлаймыз.

Осы тақырыпты жалғастыра отырып, Қазақстан Республикасында экстремизм мен терроризмге қарсы әрекет ету бойынша жеткілікті құқықтық базасы қалыптасқан.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы мемлекеттік-конфессиялық және конфессияаралық қатынастарды жетілдіруге, мемлекеттің зайырлы қағидаларын нығайту және дінді деструктивті мақсатта пайдалануға жол бермеу бойынша ресми көзқарастар жүйесі болып табылады [4].

Бұл ретте, қоғамда, ең алдымен өзара жастар ортасында діни экстремизмнің алдын алуды күшейту қажеттілігіне, сондай-ақ конфессия-аралық бейбітшілік және келісім орнаған, діншілдер мен атеистік көзқарасты ұстанған азаматтардың да құқықтары сақталатын және құрметтелетін зайырлы мемлекет - Қазақстан Республикасының дәстүрлері мен мәдени құндылықтарына сәйкес тұрғындарда діни сананың қалыптасуына ерекше назар аударылады.

Қазіргі таңда, пиғылды ағымдар мен ұйымдарды дәстүрлі діндерден ажырата білу, бүгінгі зайырлы қоғам жағдайында діни сауаттылық деңгейінің негізгі өлшемінің бірі болып табылады. Еліміздің Ата-заңымыздың құрылымына, негізіне, егемендігіне, ұлттық қауіпсіздігі мен адамдардың қалыпты өмір сүруіне зиянын тигізіп, іргетасын шайқайтын лаңкестік іс-әрекеттерге төтеп беру әдістерін біліп, оларға тосқауыл қою – өркениетті елде өмір сүріп жатқан адамдардың тікелей міндеті боп табылатынын айтамыз. Сондықтан, жастарымыздың жат ағымдардың арбауына түсіп жүріп, ықпалына шырмалып кетпес мақсатында жұмылып, бірлесіп жүйелі жұмыс атқаруымыз қажет.



Сонымен қатар, жас ұрпағымыз қоғамдағы осал топ болғандықтан, олардың санасын жаулап алу террористік ұйымдар мен экстремистік ағымдарға ешқандай қиындық тудырмайды. Осыған сәйкес, радикалды ұйымдар мен топтар, ұрымтал сәтті пайдаланып, еліміздегі саяси ахуалды ушықтырып, экстремистік бағытындағы әрекеттер жасайды.

Сондықтан, Елбасы осындай діни экстремизм көріністерінің алдын алу мен терроризм қатерлеріне жол бермеу арқылы мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында республикамыздағы діни экстремизм және терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны бекітті [5].

Қазіргі күні Қазақстанның Үкіметі діни-экстремистік ұйымдардың әрекеттеріне қарсы күрес жүргізуде. Экстремизм және терроризмге қарсы іс-шараларды жүргізу үшін жеткілікті құқықтық шаралар жасалынған. Мысалы, Қазақстан Республикасының «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» 2005 жылғы 18 ақпандағы Заңы және Қазақстан Республикасының «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі Заңы [6], және Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы №483-IV Заңы, Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 қарашадағы №244-V ҚРЗ Заңы қабылданған болатын.

Яғни, осы заңға сәйкес, прокурорлар жеке және заңды тұлғалардың, олардың құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) Қазақстан Республикасының экстремизмге қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын бұзғаны фактілерін тапқан кезде немесе дайындалып жатқан құқыққа қарсы әрекеттер туралы мәліметтер болған кезде, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары арқылы адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына, сондай-ақ заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне зиян келтіруі мүмкін экстремистік материалдар таратылған жағдайда, экстремизмнің кез келген көріністерін, оны жүзеге асыруға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою туралы, бұзылған құқықтарды қалпына келтіру туралы прокурорлық қадағалау актілерін енгізеді, ұйымдар экстремизмді жүзеге асырған жағдайда олардың қызметіне тыйым салу туралы сотқа өтініш береді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен және шектерде қылмыстық қудалауды жүзеге асырады» [7].

Байқағанымыздай, діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл бойынша мемлекеттік органдар қызметін ғылыми-әдістемелік жағынан қамтамасыз етілуі дамытылуда. Оның ішінде, алдын алу, соның ішінде ақпараттық-түсіндіру қызметі саласындағы іс-шаралар өткізу тәжірибесі қалыптасқан.

Экстремистік және террористік топтар мен ұйымдар қызметінің жолын кесу жөнінде арнаулы және терроризмге қарсы операциялар өткізудің белгілі бір тәжірибе жүйесі жинақталған.

Еліміз, терроризмге қарсы күрес саласындағы негізге алынатын барлық халықаралық әмбебап актілердің қатысушысы болып табылады.

Қазіргі кезде, үдеп келе жатқан зорлықшыл экстремизм халықаралық терроризмнің идеологиясы ретінде діни үндеулерді жамылып, адам құқығы мен бостандықтарын белден басуда, адамзаттың діни, сондай-ақ мәдени және рухани мұраларына елеулі нұқсан келтіруде, діннің беделін жоққа шығарып, конфессия-аралық қатынастарға қауіп төндіруде.

Жалған діни қасаң қағидаларды дәлме-дәл қабылдап, оған еретін адамдардың ой-өрісіне, сезіміне, іс-әрекеттеріне деструктивті сипатта әсер етіп, олардың қылмыстарын дін жолында жасалған мыс деп уәждейтін діни фанатизм мен радикализм бүкіл әлемдегі қауіпсіздік пен тұрақтылыққа нақты қауіп төндіріп отыр.

Діни фанатизм және радикализм мемлекеттің конституциялық негіздеріне, елдің зайырлы даму қағидаттарына, халықтың дәстүрлі рухани құндылықтарына аса зиян келтіруде.

Конфессиялық кеңістікте орын алып отырған серпінді процестерді және оқиғаларды ескере отырып, дін саласындағы қолданыстағы заңнаманы қайта қарау мен жаңарту қажет деп ойлаймыз.

Сонымен қатар, діни бірлестіктердің жекелеген өкілдері тарапынан діни іс-шараларды өткізу, діни әдебиеттердің, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдардың айналымы жөнінде заңнамада белгіленген талаптарды, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды діни іс-шаралар мен діни бірлестіктердің қызметіне тартуға және қатыстыруға қатысты талаптарды



бұзу фактілері орын алуда. Осының негізінде, Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы Заңы қабылданды [8].

Жоғарыда айтылғанды қорытылай келе, Қазақстан Республикасы және басқа да елдер үшін, экстремизм және терроризммен күресудің тайталас жүйесі, жалпыұлттық негіз болуы мен мемлекеттік органдарының, бизнес-қауымдастықты, ғылыми-білім беру орталықтарының, азаматтық қоғам институттарының, құқық қорғау құрылымдары мен үкіметтік емес ұйымдардың үйлесімді іс-әрекеттерін біріктіруіміз қажет.

Ал, жергілікті атқару органдары (әкімдер, әкімшіліктер, басқарма басшылары, оқу орындарының жетекшілері) халыққа жақын болып, экстремизм және терроризм идеологиясы қарсы әрекет ету бойынша, алдын алу жұмысының жетілуіне аса назар аудару қажет деп санаймыз. Негізінде, бұл ішкі саясат бөлімдерінің қызметіне және басқа да органдарға жат болады.

Сонымен қатар, экстремизм және терроризм идеологиясымен күресу мақсатында, діни өкілдермен, білім беру, мәдениеті мен өнер мекемелерімен қарым қатынасты бекіту және халықтың түрлі топтарына бағытталған экстремистік пен террористік идеологиялық әсер етуі бойынша, құқық қорғау құрылымдары қызметкерлерінің және үкіметтік емес ұйымдарының арнайы дайындығын жетілдіру қажет деген ойдамыз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана қ. 14 желтоқсан 2012 жылы. // [Электрондық ресурс] // [http://online.zakon.kz/Document/doc\\_id](http://online.zakon.kz/Document/doc_id) (Қарау күні: 23 тамыз 2017 жылы).

2. Галат И. Казахстан в цифрах: статистика за 16 ноября 2015 года // «Власть», 16.11.2015 г. (<https://vlast.kz/strana/14110-kazahstan-v-cifrah-statistika-za-16-noabra-2015-goda.html>).

3. Согласно статистическим данным Комитета правовой статистики и специальным учетом за 3 месяца 2017 г.

4. Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 20 маусымдағы №500 Жарлығы. Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 20 маусымдағы № 500 Жарлығы. // [Электрондық ресурс]. Режим доступа: // [http://online.zakon.kz/Document/doc\\_id](http://online.zakon.kz/Document/doc_id) (Қарау күні: 23 тамыз 2017 жылы).

5. Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 қыркүйектегі № 648 Жарлығы // [Электрондық ресурс]. // [http://online.zakon.kz/Document/doc\\_id](http://online.zakon.kz/Document/doc_id) (Қарау күні: 23 тамыз 2017 жылы).

6. Қазақстан Республикасының Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы 2005 жылғы 18 ақпандағы № 31 Заңы // [Электрондық ресурс]. // [http://online.zakon.kz/Document/doc\\_id](http://online.zakon.kz/Document/doc_id) (Қарау күні: 23 тамыз 2017 жылы).

7. Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы №483-IV Заңы, Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 қарашадағы №244-V ҚРЗ Заңы қабылданған болатын // [Электрондық ресурс] // [http://online.zakon.kz/Document/doc\\_id](http://online.zakon.kz/Document/doc_id) (Қарау күні: 23 тамыз 2017 жылы).

8. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 қарашадағы №244-V ҚРЗ Заңы



//[Электрондық ресурс] //http:online.zakon.kz /Document/ doc id (Қарау күні: 23 тамыз 2017 жылы).

9. Қазақстан Республикасының Заңы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 2011 жылғы 11 қазан // [Электрондық ресурс] //http:online.zakon.kz /Document/ doc id // [Электрондық ресурс] //http:online.zakon.kz /Document/ doc id (Қарау күні: 23 тамыз 2017 жылы).

